

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛЫШЫСЫ!

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№7 [2391] 01/02/2019

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

railnews.kz

Подписывайтесь на telegram-канал АО «НК «ҚТЖ» – @railways.kz / «ҚТЖ» ҰК» АҚ – @railways.kz telegram-каналына жазылыңыз

ЦИТАТА ДНЯ

Қанат АЛЬМАГАМБЕТОВ,
ПЕРВЫЙ ЗАМЕСТИТЕЛЬ ПРЕДСЕДАТЕЛЯ ПРАВЛЕНИЯ АО «НК «ҚТЖ»:

«СОВМЕСТНОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО СПОСОБСТВУЕТ УВЕЛИЧЕНИЮ ОБЪЕМОВ ПЕРЕВОЗОК ГРУЗОВ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫМ ТРАНСПОРТОМ ЧЕРЕЗ НАШИ ПОГРАНПЕРЕХОДЫ С КИТАЕМ, А ТАКЖЕ СОЗДАЕТ ПРЕДПОСЫЛКИ ДЛЯ ЭФФЕКТИВНОГО ФУНКЦИОНИРОВАНИЯ ЕДИНОГО ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОГО ПРОСТРАНСТВА В ЕВРОАЗИАТСКОМ РЕГИОНЕ»

ЖОЛАУШЫ ТАСЫМАЛЫ

«ФИРМАЛЫҚ» МӘРТЕБЕСІ ЖОЙЫЛДЫ

Үстіміздегі жылдың 2 ақпанынан бастап №3/4 «Астана-Алматы» және №11/12 «Алматы-Шымкент» бағытындағы жолаушылар пойыздың фирмалық мәртебесі алынып, соған орай билеттер бағасы төмендетілді.

«Тулар-Талго» вагондарынан жасақталған аталған пойыздарға «фирмалық» мәртебесі, 2016 жылдың желтоқсанында ҚР Инвестициялар және даму министрлігі мен «Жолаушылар тасымалы» АҚ арасында жасалған әлеуметтік маңызды бағдарлар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты Тасымалдаушылар шығындарын ұзақмерзімді субсидиялау шартына сәйкес берілген болатын.

Құзыретті орган алдындағы міндетті Компания бұл күнде толық орындаған. 2018 жылдан бастап аталған бағдарлар бойынша «фирмалық» субсидиялау жүргізілмей келді. Алайда, ұлттық тасымалдаушы өз еркімен, өз есебінен бұл қызметтерді көрсетіп келді. Атап өтерлігі, техникалық сипаттамасы мен қазіргі заман талаптарына сәйкестігі арқасында аталған пойыздар қолайлылықтың жоғары деңгейіне ие болып отыр.

Сондықтан аталған бағдарлардан «фирмалық» мәртебесі ҚР Инвестициялар және даму министрлігімен келісіле отырып, алынып тасталуда. Әлбетте, бұл жол жүру билетінің бағасына да әсерін тигізбек. Егер Астанадан Алматыға билет бағасы бұрын 10744 теңге болып келсе, енді бильғы 2 ақпаннан бастап баға 9886 теңгені құрамақ. Ал Шымкент бағытына қатысты билет бағасы 7464 теңгені орнына 6567 теңгені құрайтын болады.

Ислам ТАЛҒАТ

АКТУАЛЬНО

БЕЗОПАСНАЯ МОБИЛЬНОСТЬ

Лаборатория филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Центр оценки и развития персонала железнодорожного транспорта» пополнилась новым учебным устройством – авторежимом АКВ1, разработанным специально для колеи 1520 и переданным в дар концерном Knorr-Bremse.

Асель ШАЙХЫНОВА

Система управления тормозами – это, пожалуй, самая важная часть подвижного состава, ответственная за безопасность движения. Они применяются в конструкции высокоскоростных пассажирских поездов, грузовых и пассажирских вагонов, вагонах метро, локомотивах и грузовых автомобилях.

Сотрудничество АО «НК «ҚТЖ» с компанией Knorr-Bremse имеет многолетнюю и плодотворную историю.

Напомним, в 2015 году Knorr-Bremse открыла свое официальное представительство в Казахстане с целью организации технической поддержки и долгосрочного сервисного обслуживания своей продукции. В настоящее время концерн является проектировщиком и поставщиком компонентов тормозных систем для казахстанского современного подвижного состава, которые используются на грузовых и пассажирских электровагонах (KZ8A, KZ4AT) компании Alstom, пассажирских тепловозах ТЭП33А компании GE, пассажирских вагонах Talgo, где также используется их система кондиционирования воздуха.

– В наш учебный центр передано очень важное оборудование. Авторежим АКВ1 разработан Knorr-Bremse в инициативном порядке с целью создания комплекта пневматических тормозных приборов для грузовых вагонов колеи 1520 миллиметров с высоким ресурсом и повышенными функциональными свойствами. В 2012 году выпущена опытная партия. В 2013-2014 годах успешно проведены приемочные и эксплуатационные испытания на грузовых вагонах собственности ОАО «ФГК» в маршрутных поездах на Свердловской железной дороге (РЖД). С 2015 года производится указанной продукции сертифицировано и локализовано на территории Таможенного союза, авторежим АКВ1 поставляется в комплекте с воздухораспределителем KAB-60, а гарантийный срок эксплуатации без проведения обслуживания составляет 8 лет, – рассказал и.о. директора филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Центр оценки и развития персонала железнодорожного транспорта» Мәди Мырзахметов.

По словам президента ООО «Холдинг Knorr-Bremse системы для рельсового транспорта СНГ» Владимира Руткаса и генерально-



го директора ТОО «Knorr-Bremse Казахстан» Дмитрия Даниленко, на конец 2018 года более 20 000 комплектов данного оборудования реализовано и установлено на грузовые вагоны, эксплуатирующиеся на пространстве колеи 1520 мм.

– Тормозными системами компании Knorr-Bremse оборудованы 90 локомотивов АО «ҚТЖ – Грузовые перевозки». Электровазны серии KZ4AT (пассажирский) с тормозными системами компании работают на всех электрифицированных участках (Астана – Шу, Алматы – Арыс, Астана – Кокшетау, Астана – Новошимка, Астана – Тобол). Техническое обслуживание проходят в ТОО «Электровоз құрастыру зауыты» по станции Астана. Электровазны серии KZ8A также работают на всех электри-

фицированных участках, кроме участка Тобол – Каргалы, – рассказал главный менеджер филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Центр оценки и развития персонала железнодорожного транспорта» Назар Шамшиденов.

Тепловозы, оборудованные тормозными системами компании Knorr-Bremse работают на участке Алматы – Павлодар и обслуживаются локомотивными бригадами ТЧЭ Алматы, Матай, Актогай, Аягөз, Семей, Павлодар. – Техническое обслуживание они проходят в сервисном центре компании General Electric Transportation по станции Аягөз, – добавил директор Технического центра АО «НК «ҚТЖ» Азамат Жангелды.

Фото Александра ЖАБЧУКА

АҚПАРАТ

ЖҮК ВАГОНДАРЫ ОПЕРАТОРЫ АНЫҚТАЛДЫ

Ақпан айынан бастап жүк вагондарының операторы қызметін тек қана «Қазтеміртранс» атқаратын болды. Бұл туралы ұлттық компанияның баспасөз қызметі хабарлады.

«KTZ Express» АҚ әмбебап жылжымалы құрамдармен (жабық вагондар, жартылай вагондар мен әмбебап платформалар) көліктік экспедицияларды және операциялық қызметтер көрсетуді тоқтатады. Аталған функциялар «Қазтеміртранс» АҚ-ға берілді.

«KTZ Express» АҚ келісім-шарттық қатынасы бар жүк-жөнелтушілер, экспедиторлар және өзге де мүдделі тұлғалар енді тиісті келісім-шарттарды «Қазтеміртранс» АҚ-мен жасасуы керек.

Баспасөз қызметінің хабарлауынша, операциялық келісім-шарт жасау үшін «Қазтеміртранс» АҚ (kazcargo.kz) өңірлік филиалдарының мекенжайына немесе «Қазтеміртранс»



АҚ – «Вагон парк дирекциясы» филиалының sales@kaztt.kz электрондық адресінде реквизиттері көрсетілген, сондай-ақ құрылтайшылық құжаттарының көшірмелері салынған ресми

сұрау бағыттау керек.

«Экспорттық қатынастағы тарифтерді есептеу және көліктік экспедицияларға келісім-шарттар жасау үшін «Қазтеміртранс» АҚ атына tarif@

kaztt.kz электрондық поштасымен реквизиттері көрсетілген, сондай-ақ құрылтайшылық құжаттардың көшірмесі салынған ресми сұрау бағыттау қажет», – делінген «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ баспасөз қызметі тараптан хабарламада.

2019 жылдың 1 ақпанынан жүргізіліп келе жатқан Алтынкөл, Достық шекаралық тораптық станциялары арқылы халықаралық қатынаста жүктерді тасымалдаудағы жүк вагондарына операторлық қызмет тарифі, сондай-ақ 2019 жылдың 1 ақпаны мен 2019 жылдың 31 наурызында жүргізіліп отырған республикаішілік қатынастағы жабық вагондармен, платформалармен және жартылай вагондармен жүктерді тасымалдау кезінде операторлық қызмет тарифі «Қазтеміртранс» АҚ-ның ресми сайтында орналастырылатын болады.

Асқар АҚТІЛЕУ
Суретті түсірген
Александр ЖАБЧУК

БРИФИНГ

ҚОЗҒАЛЫС ҚАУІПСІЗДІГІ НЕГЕ БҰЗЫЛАДЫ?

Былтыр «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы бойынша қозғалыс қауіпсіздігін бұзушылық өткен жылға қарағанда 29% азайған. Бұл туралы «ҚТЖ» ҰК» АҚ қауіпсіздік жөніндегі басқарушы директоры – Қозғалыс қауіпсіздігі жөніндегі директоры Марат Шақенов өткен жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ желісі бойынша маневрлік жұмыстарды және пойыз қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету қорытындысына арналған брифинг барысында мәлімдеді.

Сұлугүл БАКЕСОВА

«Темір жолда қозғалыс қауіпсіздігін бұзушылық оқиғаларын төмендетуге, жылжымалы құрамдарды тиісті жағдайда ұстап тұру, темір жол желілерін сауықтату мен жаңарту бойынша кешенді шаралар және Компания құрылымдық бөлімшелерінің мақсатты жұмысы есебінен қол жеткізілді. Бұл ретте, қозғалыс қауіпсіздігі жағдайының тиісті көрсеткіштеріне ғана емес, сонымен бірге техникалық пен

технологиялық ресурстарына, материалдық кадрлық сәйкестігіне ерекше назар бөлінді. Мәселен, өткен жылы пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігімен тікелей байланыста жұмыс істейтін теміржолшыларды жергілікті жұмыс орындарында оқыту жүргізілді, 5 мыңнан астам адам Қарағанды, Павлодар, Тараз, Ақтөбе және осы Астанада білім-біліктіліктерін жетілдірді. Осының арқасында қозғалыс қауіпсіздігін ықтимал бұзушылықтар санының айтарлықтай алды алынып, 2017 жылға қарағанда былтыр, 2018

жылы қозғалыс қауіпсіздігін бұзушылық 29 пайызға азайды», – делі Марат Шақенов.

Жалпы, қозғалыс қауіпсіздігі неге бұзылады? Талдау жасап көрейік. Өткен жылы темір жолда мал-жан-ды басып кетуінің алдын алу үшін жүк және жолаушылар пойыздарын, шұғыл тоқтатудың 3200-ден астам фактісі тіркелген. 90% жағдайда локомотив бригадаларының кәсіби іс-қимылының арқасында адамға, көлік пен малға соқтығысудың алды алыныпты. Өкінішке қарай, жүк құрамының салмағы 6 мың

тонна, ал жылдамдығы сағатына 60-80 км болғандықтан, жолда тежелу ұзындығы 600-800 метрді құрайды. Өйткені, пойыз тез тоқтай алмайтыны белгілі.

«Адамдардың рұқсат етілмеген жерлерден рельстерді кесіп өтіп, қауіпсіздік ережесін өрескел бұзып, қырағылықты жоғалтуы – теміржолда жарақат алудың ең басты себебі», – дейді Марат Шақенов.

Оның айтуынша, темір жолда зардап шегушілердің 20%-ы құлаққап киіп алу салдарынан локомотив берген сигналдарды естімей,

пойыз астына түсіп жатады екен. Сонымен қатар балалардың темір жолдың қауіптілігі жоғары аймақ екеніне қарамастан ойын алаңына айналыруы, сондай-ақ, жастардың қауіпті жерлерде селфи жасаймын деп бейқамдық тануыты кесірінен опық жеуі, қала берді психикалық ауытқушылығы бар ауру адамдар мен ішімдік ішкендердің темір жолды торуылдайтын алаңдатпай қоймайды.

Темір жолда опат болу, жарақат алу статистикасын автокөлік жүргізушілерінің әрекеті де толтырып отыр. Олар өтпелерде қозғалыс қауіпсіздігі ережесін өрескел бұзып, осы әрекеттерімен өздерінің ғана емес, жолаушылардың да өміріне қауіп төндірді. Десек те, пойыздардың қозғалысына қауіп төндіретін ең жиі фактор, әрине ол қараусыз малдардың жолға шығып кетуі болып отырғанын жеткізді журналистердің қауіпсіздікті бұзу факторларына қатысты қойған сұрақтарына жауап берген қауіпсіздік жөніндегі басқарушы директоры.

(Жалғасы 2 бетте)

НОВОСТИ

ОПРЕДЕЛЕН ВЕКТОР РАЗВИТИЯ

Руководители железнодорожных администраций Республики Казахстан, Российской Федерации, Республики Беларусь в Москве обсудили вопросы дальнейшего сотрудничества.

28 января председатель правления АО «НК «Қазақстан темір жолы» Сауат Мынбаев в Москве встретился с руководителями железных дорог – участниками Объединенной транспортно-логистической компании – Евразийского железнодорожного альянса.

Как сообщает пресс-служба АО «НК «Қазақстан темір жолы», руководители железнодорожных администраций отметили опережающий рост объемов перевозок в минувшем году по сравнению с плановыми показателями. В 2018-м объем перевозок увеличился на 60% по сравнению с 2017 годом. До 65% возросла загрузка контейнерных поездов в направлении Запад – Восток.

Успешная реализация проекта ОТЛК будет способствовать развитию грузоперевозок в рамках Евразийского экономического союза.

Еркем БАЙТӨЖА

ВОДА НА КАЖДУЮ СТАНЦИЮ

Более 91 миллиона тенге прибыли добилося АО «Теміржолсу» по итогам финансово-хозяйственной деятельности в 2018 году. Доходы компании составили 7 969,2 миллиона тенге, в том числе дополнительные – 1 103,7 миллиона.

– Увеличение доходов и прибыли стало возможным благодаря контролю и корректировке уровня тарифов по основным видам деятельности наших 12 дочерних организаций, а также снижению себестоимости оказываемых услуг и привлечению дополнительных доходов, – отметила начальник планово-экономического отдела Светлана Пушкарская.

В минувшем году на совещании руководством АО «НК «ҚТЖ» принято решение о реализации второго этапа зарекомендовавшей себя программы «Мөлдір бұлақ» – до 2022 года.

Ожидается, что программа снизит изношенность основных производственных активов компании до 19% и сократит количество железнодорожных станций с привозным водоснабжением до 88.

Напомним, в рамках первого этапа «Мөлдір бұлақ» (с 2012-го по 2018 год) для обеспечения всех потребителей железнодорожных станций и разъездов качественной питьевой водой, надежной эксплуатации оборудования и работы агрегатов систем водообеспечения и отвода сточных вод АО «Теміржолсу» затрочено порядка 6,1 миллиарда тенге инвестиционных средств.

Наряду с этим компания обеспечила безопасность источников питьевой воды и объектов водоснабжения, обустроила зоны санитарной охраны в соответствии с требованиями СанПИН.

– Основные направления второго этапа программы – сокращение пунктов привозного водоснабжения. Из-за отсутствия альтернативных источников значительное количество железнодорожных разъездов долгие годы обеспечивается водой из железнодорожных цистерн, – подчеркнул начальник производственно-технического отдела Бауыржан Төлеуов.

План развития на 2019-2023 годы предусматривает увеличение рентабельности деятельности в каждом году. Так, в 2023-м планируется получить доходы в размере 9 777,5 миллиона тенге.

Любовь РОББА

ЦИФРА НОМЕРА

БОЛЕЕ

2,5 млн тонн

ГРУЗОВ В 2019 ГОДУ ПЛАНИРУЕТ ПЕРЕВЕЗТИ ПОРТ КУРЫК

ЖАҢАЛЫҚТАР

ҚҰРЫЛҒЫЛАР ЖҰМЫСЫ СЕΝІМДІ

Атырау магистральдық желісі бойынша өткен жылы қозғалыс қауіпсіздігін сақтау және техникалық құрылғылардың күтімін жақсарту кешенді жоспарына сәйкес бірқатар техникалық жұмыстар жасалды.

Атырау, Ақжайық, Құлсары байланыс дистанцияларында 57 электрожетек, 30 электржетек монтажы, 10 батарея шкафы, 7,410 метр кедергісі төмен кабель, 170 электроқозғалтқыш, 3 бағдаршам муфтасы, 13 трансформатор, басқа да байланысты жақсартуға қажетті құрылғылар жөнделіп, ауыстырылды. Атырау электрмен жабдықтау дистанциясында СОБ, КТСМ және басқа да құрылғылар жұмысында кедергі, пойыздардың кідіруі болған жоқ. Мұнда да электрмен қамтуда тұрақтылығын сақтауда 37 ПҚН сақтандырғыш, 5 РВП разряды, 45 траверс, 9 ОМ трансформаторы, 13 ақауы бар баған ауыстырылды.

Нәтижесінде байланыс және электр құралдарының қалыпты жұмысы қозғалыс қауіпсіздігін жыл бойына қамтамасыз етті. Бүгінгі таңда құрылғылар жұмысында еш кінәрат жоқ, сенімді жұмыс істеп тұр.

Еділ ЕРМЕК, Атырау

МҰЗ АЙДЫНЫНА АЙНАЛДЫ



Сыр өңірінде біресе қар жауып, одан сібірлеп жауған майда жаңбыр әп-сәтте қала көшелерін көк мұзға айналдырып, халықтың емін-еркін жүріп-тұруына кедергі келтіріп, қауіп төндірді.

Әсіресе, вокзал алаңы мен перрон кәдуілгі мұз айдынына айналғандай, жолаушылар үшін қауіп пен қолайсыздық туғызып, қозғалыс қауіпсіздігінің сақталуына кедергісін тигізуде. Алайда, вокзал шаруашылығы қызметкерлері жолаушы халықтың жағдайын жасау үшін бар мүмкіндікті жасауда. Олар жаяу жүргіншілердің жолына түз бен құм сеуіп, тепкішектерді мұздан тазалап, Нұрым Бейсенбай мен Бақытбек Әбіловтер бастаған жұмысшылар екі күн бойы маңайды жалтыраған көк мұздан тазартты. Бірнеше вокзал қызметкерлері тепкішектерден түсіп-мінетін қарт кісілерге, балалы әйелдерге көмектесіп, қажет жағдайда пойызға дейін апарып салумен айналысуда.

Үшінші күн түз көк мұзды ерітіп, жолаушылардың қауіпсіз жүріп тұруына біршама мүмкіндік туды. Десе де, вокзал жұмысы қауіпсіздік шараларын жалғастыруда.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ, Қызылорда
Суретті түсірген автор

ТЕНДІК ТОЛЫҚ ҚУАТЫНА КӨШТІ



Тендік станциясы Атырау мұнай өңдеу зауытымен қоян-қолтық жұмыс жасап келеді. Зауыт Тендік станциясына толық құрамды пойыз дайындап береді, соңғысы оларды жан-жаққа таратады. Пайдалануға берілгеніне бірнеше жыл болған станция бүгінде толық қуатында жұмыс істеп жатыр.

2018 жылдың 12 айында станцияда қозғалыс қауіпсіздігі және еңбек қорғау бойынша тәртіп бұзушылық болған жоқ. Станцияда осы мерзімде 79755 вагон тиеліп жөнелтілді, орындалуы – 93 пайыз. Жоспардың жүз пайызға жетпеуі станцияның кесірінен емес, мұнай өңдеу зауытындағы мұнайды терең өңдеу кешенінің қосылуымен болған кедергілерден және жүк жөнелтушілердің тапсырыстан бас тартуынан болды. Келген жергілікті вагондарды түсіру 8386 вагонды құрады, олар – негізінен мұнай өнімдері мен инертті жүктер. Вагонның бір жүк операциясына түру көрсеткіші, вагондар жұмыс паркін ұстау, статистикалық салмақ толық көлемде орындалды.

Ағымдағы жылдың 1 маусымынан бастап станция локомотивтерімен «Жас Сервис» кірме жолына вагондарды беріп-алу жүзеге асырылып келеді. Бұл кірме жол бұрын «Ембұнайгаз» АҚ базасының кірме жолымен байланысып, вагондар база локомотивімен қозғалатын. Енді Тендікке сенім артылды. Сол секілді өткен жылдың 1 қарашасынан бері Тендік станциясы бойынша «ТТТ Сервис» атты жаңа тасымалдаушы енгізілді. Ол Атырау жүк тасымалы бөлімшесі мен оның сыртында да Атырау мұнай өңдеу зауытының жүктерін тасымалдайды. Өткен жылы станция бойынша АТМӨЗ-ге вагон айналымымен қатар, тиелген вагондар саны да артты, соның ішінде мұнай өнімдері, инертті және басқа да жүктер, қара металл сынықтары. Айта кетерлігі, бүгінде станцияда тәулігіне шамамен 240 вагон тиеліп, 30-40 вагон жүк түсіріледі. Былтыр станция 4-ші кластан 3-ші класқа көшті. Бүгінгі таңда, магистральдық қатынасты есептегенде, Атырау мұнай өңдеу зауытына тәулігіне 19 жүп пойыз қабылдап-жөнелтіледі. Ал, станция басшысы Болатбек Меңдешов былтырғы жыл қорытындысымен өңірдегі «Үздік станция бастығы» атағын жеңіп алды.

Қосұйым МҰҚАШЕВ, Атырау
Суретті түсірген автор

БРИФИНГ

ҚОЗҒАЛЫС ҚАУІПСІЗДІГІ НЕГЕ БҰЗЫЛАДЫ?



(Соңы. Басы 1 бетте.)

Марат Арапбекұлы мұндай келеңсіздіктердің алдын алу мақсатында атқарылып жатқан жұмыстарымен де бөлісті. Атап айтқанда, өткен жылы болат жол маңында тұратын тұрғындармен темір жолдарда жүру ережесіне қатысты 2700-ден астам кездесу өтіп, 70 мыңнан астам адамға дәріс оқылған. Бұдан бөлек, оқу орындарында «Темір жол – қауіптілігі жоғары аймақ» тақырыбында бейне-

роликтор көрсете отырып, оқушылар, мұғалімдер, ата-аналарға арналған 167 басқосу өткізіліпті. Кездейсоқ адамдар мен ауа жайылған мaldың теміржолдағы қозғалыс қауіпсіздігіне нұқсан келтіруінің алдын алу үшін аймақтық деңгейдегі бірінші басшылардың бұқаралық ақпарат құралдарына шығып сөз сөйлеуі 165 рет ұйымдастырылған. Сонымен қатар адамдар көп өтетін жерлерге 2724 қауіптілікті ескертетін белгілер орна-

тыла, 1428 белгі жаңартылыпты.

Брифинг барысында спикер қозғалыс қауіпсіздігін басқару жүйесін жетілдіру жұмыстары жалғасын тауып және қозғалыс қауіпсіздігін ұйымдастыру жөніндегі кешенді шаралар жүйесін айқындап беретін құжаттар әзірленуде екенін жеткізді. Сондай-ақ, қозғалыс қауіпсіздігі жағдайын жедел мониторинг-гілеу мен факторлық саралау жүргізілуде екен. Оның айтуынша, адам факторы ықпалын төмендету жөнінде шаралар қабылданған. Процестер автоматтандырылуда. Аталған салада озық әлемдік тәжірибелер қолданылуда екен. Темір жол бойын қоршау жұмыстары бийл да жалғасып, 300 км жолдың қоршалуы межеленген. Осы арада жол бойын қоршаған темір торкөздерді адамдардың бұзып алып, адам өтетін тесік жасап алып жатқаны да еске сала кеткен артық болмас. Мұндай жөн-жосқсыз әрекеттердің алдын алуда теміржолшылар әскерлендірілген күзет қызметі, мемлекеттік құқық қорғау органдары өкілдерімен бірлесіп күш жұмылдырып отыр.

«Енді бірлескен іс-шараларды және

әртүрлі жобалар арқылы қауіпсіздік бұзушылығына төзімсіздік ахуалын құру үшін барлық деңгейдегі басқарма қызметкерлері тартылмақ. Осыған байланысты «Ең алдымен қауіпсіздік» порталы құрылады. Оны осы жылдың бірінші тоқсанында іске қосу жоспарда бар. Бұл қозғалыс қауіпсіздігі мәдениетін дамытудың коммуникациялық ашық алаңы болып табылады. Бұған дейін теміржолдағы жағдайды, тәртіп, қауіпсіздік ережесін бұзу, ұрлық-қарлық тағысын тағы теміржолмен байланысты мәселелерді хабарлап айту үшін сенім телефоны іске қосылған болатын. Бұл телефон қазір де жұмыс істеп тұр. Ол кемшіліктерді түзетуге, қауіпті жағдайлардың алдын алуға септігін тигізуде», – деп түйіндегі өзін Марат Шаменов журналистер сұрақтарына жауап бере отырып.

Қорыта айтқанда, темір жолдағы қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен басқару жүйесін жетілдіру «ҚТЖ» ұлттық компаниясының негізгі міндеттері болып қала бермек.

Сұлугүл БАКЕСОВА
Суретті түсірген Виктор ОРЛОВ

ТАСЫМАЛ

ЭКСПОРТ ДИНАМИКАСЫ АРТУДА

Семейлік теміржолшылар үшін абыройлы міндеттердің бірі – көмір тасымалы. Ел көлемін қатты отынмен қамтуда бірінші кезектегі жауапкершілік жергілікті теміржолшыларға жүктеледі. Сондықтан да, Семей ЖТ бөлімшесі бойынша көмір тиеу мен жөнелтудің өзіндік жоспары жасалынып, жыл бойы жүзеге асырылады.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Бұл ретте теміржолшылар қауымы өткен жылды мейлінше табысты қорытындылап, ағымдағы жылға тың міндеттемелер қойып отыр. Өткен жылы Семейлік сала мамандары жүк жіберуші «Қаражыра» АҚ-мен тиімді жұмыстар жүргізіп, соның нәтижесінде жоспарлы шаралар толық орындалған еді. Меже бойынша 8 млн тонна шамасындағы көмір теміржол тораптары арқылы республиканың түкпір-түкпіріне жөнелтілді. Нәтижесінде алдыңғы жылмен салыстырғанда облыс көлеміндегі жылу беру мекемелері үшін арнайы тиелген қатты отын көлемі 1226,1 тоннаны құрап, 120,5 пайызға артық орындалыпты. Бұл – алдыңғы жылғы көрсеткіштен 1017,8 тоннаға артық деген сөз.

– Аймақтағы стратегиялық маңызы жоғары нысандарды көмірмен қамту – алдыңғы кезекте тұратын міндет. Бұл ретте өткен жылғы жылу маусымына даярлық шаралары

ойдағыдай деңгейде өтті. Облыс әкімдігі басшылары және «Қаражыра» АҚ басшылығымен тиімді келіссөз жүргізу оң нәтиже берді, – дейді бөлімше басшысы Марлен Көкрекбаев.

Әсіресе, экспортқа жіберілген көмір динамикасының айтарлықтай мөлшерде артқанын аңғаруға болады. Мәселен, өткен жылы шетелге 1325 мың тонна жіберіліп, алдыңғы жылмен салыстырғанда 138,4 пайызға артып отыр. Бұл – былтыр 367,4 тонна артық жіберілді деген сөз. Жүк көлемінің артуына автомобиль көлігінен теміржолға ауыстырылған қатты отынның ұлғаюы – басты себеп. Мамыр-желтоқсан айларында 53,8 мың тонна жүк қосымша жіберілген. Оның ішінде 35,6 мың тонна көмір экспорттың үлесінде екен. Сыртқы кіріс саласын қадағалаушы мамандардың пікірінше, түсетін табыстың басым бөлігін экспортқа

шығарылған тауарлар қатары құрайды.

Марлен Кәрімұлының айтуынша, ағымдағы жылғы жоспар бойынша, Семейлік теміржолшылар 12,0 млн тонна жүк жөнелтуді міндеттеп отыр. Оның ішінде көмір мен түсті металдың үлесі басым болмақ. Қазіргі таңда аталмыш бағыттағы жұмыстардың алғышарттары жасалды. Атап айтсақ, жүк айналымын арттыру мақсатында, вагон шаруашылығы мен локомотив паркі бойынша тың шаралар қабылданды. Бірінші кезекте аса ауыр салмақты пойыздар мен ұзын жылжымалы құрамдарды құрастыру мен кедергісіз жүргізуге басымдық берілуде. Осы

ретте, Дегелең-Семей телимі бойынша салмағы 6 300 тонналық пойыздардың іркілссіз жолға шығарылуы міндеттеліп отыр.

Ағымдағы жылғы көмір жөнелтудегі жаңа меже – 9 млн тонна. Яғни, жоспар бойынша қосымша тағы да миллион тонна қатты отын тиеліп, тасымалдануы тиіс. Ал, қазіргі күні аймақта көмір тапшылығы мүлде жоқ. Қаладағы темір-жол түйіктерінің барлығында қажетті қор бар. Ахуал қалыпты. Қатты отын жеткізу бойынша ешқандай шағым орын алмаған. Қалалықтар қысты қысылмай өткізуде.

Суретті түсірген автор

ТЕМІРЖОЛСУ – 20 ЖЫЛ

МАҚСАТ – ЖОҒАРЫ ЭНЕРГОТИМДІЛІККЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ

Шу ауданындағы маңызды темір жол мекемелерінің бірі – «Теміржолсу-Шу» ЖШС. Жерасты суларын алып, сарқынды суларды бұру арқылы, темір жол бойындағы елді мекендерді, әлеуметтік нысандарды таза ауыз сумен қамтудан бөлек өңірдегі темір жол мекемелері мен жолаушылар пойыздарын да сумен жабдықтап отырған мекеме қызметінің шарапаты мен сауабы мол.

Соңғы екі жылдан бері Бауыржан Көкрекбаев басшылық етіп келе жатқан мекемеде бүгінгі таңда 170-ке жуық адам еңбек етеді. Ауыз су жалпы ұзындығы 207, 82 шақырымды қамтитын кәдуілгі су құбыры желілері арқылы тиісті орындарға жетіп отыратын болса, кейбір халық аз қоныстанған Шу мен Шешенқара станциялары аралығындағы бірнеше шағын станцияға су арнайы цистерналармен жеткізіледі.

Жалпы, Теміржолсу-Шу мекемесі бүгінгі таңда ірі және шағын станцияларды қосқанда 40-қа жуық елді мекенді ауыз сумен қамтып отыр. Ал, су пайдалану тарифінің сомасын Тараз қаласындағы облыс әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы бекітеді. Тұрғындар үшін 1 метр куб ауыз суға тариф көлемі 30,12 теңге, сарқынды суға 21,00 теңгені құрайды.

Алайда, серіктестік басшысы тек үкімет қаражатына тәлімрмей, қосымша өзіндік табыс табуға көңіл бөліп келеді. Соның бір дәлелі, 2017 жылы кәсіпорын тапсырыс арқылы Шу локомотив пайдалану депосының қазандығын толық жаңартып, көгілдір отынмен жұмыс істейтін, қуаттылығы 1800 кВт болатын блокты-модульді қазандықты пайдалануға берген болатын. Жобаның құны 86637,3 мың теңге. Онда Белоруссиядан алынған заманауи газ жабдығы қосымша құрылғыларымен орнатылды. Атап айтқанда, 578 метр жылу құбырлары, 100 метр электр желілері, 168 метр газ құбыры, су құбыры, автономды жабдықтау қазандықты электр энергиясымен қамтамасыз етуге қауқарлы, қуаттылығы 100 кВт дизель-генераторы жабдықталды. Жабдықтаушы орнату жұмыстарын негіздемеге сүйене отырып, серіктестік жұмысшылары

өздері атқарса, ал оны іске қосу тетіктерін Белоруссия елінен келген арнайы мамандар түсіндіріп берді. Жабдықтау сатып алынған орыннан бір жылдық кепілдеме құжат берілген. Белгіленген уақыт аралығында Белоруссия мамандары келіп, техникалық қадағалау қызметін жүзеге асырып отырды. Әрі қарай жұмысты жергілікті азаматтар жалғастыруда. Автоматты түрде басқарылатын бұл жабдықтың қызметін жүзеге асыратын бір-ақ адам бар, яғни бір оператор. Мұндағы басты ұстаным – заманауи үлгідегі материалдар мен жабдықтау пайдалану отырып, жоғары энерготімділікке қол жеткізу, жылу құбырларының жылу шығынын минималды деңгейге түсіру. Газ жабдығын орнатудың жүзеге асыру мерзімі келісімшарт бойынша бір жылға жоспарланғанымен, бұл іске басшылық еткен білікті инженер, осы салада 30 жылдан астам

тер төккен Т.Х.Устеміровтің ерен еңбегінің нәтижесінде өз уақытынан алты ай бұрын аяқталып, нысан пайдалануға берілді. Бұл тұста персоналды тиімді басқару, жұмысты ұйымдастыру деңгейінің жоғарылығы мен құрамына он адам енген, білікті құрылыс бригадасының да ерекше рөлін атап өткен жөн.

Серіктестік өз қаражаты есебінен инвестициялық бағдарлама бойынша жалпы сомасы 40408,5 мың теңгеге күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізіп, қажетті құрал-жабдықтар сатып алды. Нақты айтар болсақ, Тараз қаласында 290 метр, Шу қаласы бойынша бірнеше көшеден жалпы ұзындығы 3175 метр, Ақтаутас бекетінде 1220 метрлік су құбырларын ауыстырып, күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізген. Сондай-ақ, 12 насос-сорғы қондырғыларын сатып алды.

– 2018 жылы «Мөддір бұлақ-2» бағдарламасы аясында жалпы сомасы 30095,0 мың теңгеге 9 су нысанының санитарлық қорғаныс аймақтарын қоршау жұмыстарын жүзеге асырды. Өткен жылы серіктестік өзіне жоспардан тыс 6 миллионға жуық табыс көзін тауып, соның нәтижесінде биылғы жылы еңбеккерлердің жалақысы көтеріліп отыр. Ал, негізгі жылдық жоспар 12 млн теңге шамасында болатын. Бүгінгі таңда үстіміздегі жылдың да жұмыс бағыты айқындалды. Оны жандандыру үшін серіктестік қаражаты есебінен инвестициялық бағдарлама бойынша жалпы сомасы 30 150,7 мың теңгеге 1 автокран, 1 қызметтік көлік, 10 насос қондырғысы, жиынтық компьютер сатып алуды көздеп отырмыз, – дейді Бауыржан Қырықбайұлы.

Динара БАТЫРХАИРОВА, Шу
Суретті түсірген автор



В ЦЕНТРЕ ВНИМАНИЯ

ПРОФИЛАКТИКА НАРУШЕНИЙ – ЗАБОТА ОБЩАЯ

На заседании Координационного совета с участием представителей инспекции транспортного контроля, транспортной прокуратуры, линейного отдела внутренних дел по станции Уральск, местной полицейской службы ДВД ЗКО, военизированной железнодорожной охраны и руководителей причастных служб в границах Уральского отделения ГП шла речь о выполнении профилактических мероприятий по недопущению несчастных случаев с посторонними гражданами на железнодорожном транспорте за 2018 год.

Модератор совещания – директор Уральского отделения ГП Дархан Куланбаев – проинформировал собравшихся о состоянии безопасности движения поездов за 2018 год. По Уральскому региону единственный за весь год случай нарушения безопасности движения по службе «П» был допущен в ноябре 2018 года

– наезд на постороннего человека. Инцидент произошел на перегоне Уральск – Жилаево во время движения поезда № 8 сообщением Саратов – Алматы. На железнодорожный путь внезапно вышла женщина в наушниках. Поезд двигался со скоростью 50 километров в час, машинист применил экстренное торможение

с одновременной подачей световых и звуковых сигналов, однако из-за малого расстояния столкновения избежать не удалось. Наезд произошел в момент нахождения пешехода снаружи колес, получена открытая черепно-мозговая травма. В ходе расследования установлено: 27-летняя гражданка переходила



Уральск – Жилаево (в черте города), Жилаево – Пойма, Уральск – Товарная-Кардон (со стороны поселков Деркул и Белая Казарма) по-прежнему остаются самыми неблагополучными в плане обеспечения безопасности движения из-за постоянного хождения людей через железнодорожные пути и безнадзорного домашнего скота.

Например, на перегоне Уральск – Жилаево имеются стихийные ледяные горки, где катаются дети из прилегающих микрорайонов. Деркул и Белая Казарма – рекордсмены по безнадзорно гуляющему скоту.

Для решения проблемы начальника ОАП ЛОВД на станции Уральск майор полиции Ибрагим Кулманов предложил вывесить дополнительные аншлаги, активизировать совместную с полицией рейдую работу. Заместитель руководителя управления пассажирского транспорта и автомобильных дорог ЗКО

Казбек Менеев предложил более подробно освещать в СМИ случаи нахождения на железнодорожных путях безнадзорного скота, так как по клейму КРС можно определить его хозяина и провести соответствующую работу.

Также решено направить в областной акимат письмо с просьбой о содействии в обустройстве переходных настилов, оборудованных знаками безопасности в местах массового перехода людей через железнодорожные пути строго в установленных местах, а также в проведении разъяснительной работы среди населения, в учебных заведениях и с владельцами скота. Установка скотозгородки на запланированных участках будет продолжено. Для локомотивных бригад будет разработан перечень особо опасных участков, наиболее подверженных случаям наездов на людей, скот. Намечен и ряд других мероприятий.

Анна ПАНИЩЕВА, Уральск
Фото автора

ДОСТИЖЕНИЕ

ТРАНЗИТНАЯ ДЕРЖАВА

19 миллионов тонн транзитных грузов перевезено через территорию Казахстана в 2018 году. Как говорят аналитики, это рекордные показатели, доказывающие весь потенциал страны в этом направлении. Казахстан, находящийся между двумя крупными мировыми рынками – Китаем и Европейским Союзом – начал активно зарабатывать на транзите грузов.



